Асыл сөзді көп оқып, көп тыңдасаң, жаның сұлуланып, сезімің байып, бойыңдағы күш-қуатың арта түседі, өзің де көркемдеп сөйлеуге үйренесің. Ендеше, асыл сөз еліне қош келдіңіздер!

Үй тапсырмасын сұрау

Аңыз әңгімелер. Мифтік аңыздардың тарихы

Бағалау шкаласы;
20-25 ұпай –« 5»,
11-19 балл –« 4»,
5-10 балл – «3»,

Сабақтың тақырыбы:

Алдар көсе, Қожанасыр, Асан қайғы туралы аңыздар





Сабақтың мақсаты:

Аңыз әңгімелер туралы түсініктерін кеңейеді. Логикалық ойлау қабілетін дамыта отырып, өз ойын еркін жеткізудегі іскерлік дағдысын анықтау

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар тақырыптың мағынасын біледі, түсінеді, өз ойларын еркін дәлелдейді, топпен жұмыс істеуде оқушылар жан-жақты қырынан танылады

- Балалар, біз бүгін күлкі әлеміне аттанамыз. Қожанасыр мен Алдар көсенің қызықты хикаяттарын естігенде езуімізге еріксіз күлкі оралады.

Біз өткір қалжыңымен танылған Қожанасыр бейнесін жақсы білеміз. Ісі кері кеткен адамды қазақ "Қожанасыр" деп те атап жатады. Сонымен Қожанасыр деген кім?

Қожанасыр – қазақ, қырғыз, өзбек ауыз әдебиетінде ортақ кейіпкер. Әңгімелері сарандықты, жалқаулық пен қиқарлықты өткір сатира мен ажуалап сынау арқылы адамды жаман әдет, жат мінездерден аулақ болуға баулуды мақсат тұткызды. Қожанасыр әңгімелерінде (аңызда) оғаш қылығы, аңғал мінезі әжуа -күлкі туғызып отырғанымен, негізі түйінінде үлкен тәлім-тәрбие толқыны анық байқалады. Оқушы оқып күле отырып шындықты түсінеді.

Осындай халық арасына кең тараған күлкі сықақ аңыз - әңгімелердің бір тобы Алдар көсе атымен байланысты туған. Көсе образы – қарапайым халықтың күлкіні сараң байларға, оның өкілдеріне қарсы жұмсау, оларды келеке – мазақ ету тілегінен туған образ.

Асан қайғы Сәбитұлы (XIV-XVғ.ғ.)

Асан Қайғы Сәбитұлы – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Ол Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы Шиелі ауданында «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі Асан Қайғы мазары делінеді

Қожанасырдың хикаялары

Қожанасырдың есек суаруы **Күндердің бір күні Қожанасырға әкесі есекті суарып келуді тапсырады. Оған Қожанасыр: – Жоқ, бара алмаймын,– депті. – Ие, неге? – Ернім жарылып кетіпті, - деп жауап беріпті Қожанасыр. Әкесі ашуланып: – Есекті суаруға еріннің қандай қажеттігі бар? – деп жекіпті. Сонда Қожанасыр: – Есек су ішіп тұрған кезде мен «ішт-ішт» деп ысқырып тұруым керек емес пе? – депті.**

Қожанасыр мен баласы **Қожанасырдың баласы құдық басында отырып нан жепті де, құдыққа нанын түсіріп алып, айқайлап жылай беріпті. Үйден жүгіріп шыққан Қожанасыр: – О, не болды, не болды? – депті. Баласы солқылдап жылап: – Наным құдыққа түсіп кетті,– дейді. Қожанасыр құдықтың түбіне үңіліп, суға түскен өзінің суретін көреді де ашуланып: – Жас баланың нанын тартып алып жегенше, өле қалсаң болмай ма? – деп жерді бір теуіп, жүре беріпті.**

Емдеуші мен қасаптың айырмасы **Бір күні жұрт жиылып Қожанасырдан әңгіме сұрайды: – Емдеуші мен қасаптың арасында қандай айырмашылық бар? Қожанасыр: – Қасап әуелі сойып, соңынан терісін алады, ал емдеуші әуелі терісін сыпырып, соңынан өлтіреді де тынады,– депті.**

«Алдар көсе» туралы ең алғаш фильм түсіріп, оның образын көрермен қауымға алғаш жеткізгендердің бірі - Шәкен Айманов. Осылайша Алдардың бейнесі біздің санамызға алғаш Шәкен Аймановтың «Алдар Көсе» (1965 жыл) фильмі арқылы бекіді.



«Алдар-Көсе» фильмі - Шәкен Аймановтың кино өнеріндегі Алдар-Көсе рөлін сомдаған ірі шығармасы.

Promethean Activstudio М.Шаханов, Флипчарт 1, Страница 32

Сабақты қорытындылау.

Не білемін?

Не білдім?

Мен

Нені білгім келеді?